### **Омыраумен емізудің ережесі (4\*3\*4)**

#### **Нәрестені дұрыс ұстау**

1. Сәбидің басы мен денесі тік, бір жазықта ұстаңыз.
2. Сәбидің беті мен денесі анасының кеудесіне қаратып, мұрны емшек ұшының деңгейінде болу керек.
3. Сәбидің денесі анасының денесіне түйістірілулі болу керек(іші анасының ішіне түйісуі).
4. Анасы тек мойны мен иығын ғана емес, сәбидің бүкіл денесін ұстап отырады.

#### **Омырауды салу**

1. Сәбидің ерніне емшектің ұшын тигізіңіз.
2. Сәбидің аузын барынша ашқанын күтіңіз.

3. Емшекті тез сәбидің аузына саламыз.

### Омырауға дұрыс салғандығын тексеру

1. Сәбидің иегін емшекке тиіп тұрады.
2. Сәбидің аузы барынша ашық.
3. Астыңғы еріні сыртқа шығыңқы болады.
4. Емшектің басым бөлігі астынан емес, үстіне көрініп тұру керек.

Егер бала омырауға дұрыс салынған болса, онда үзіліс жасап, баяу, терең еміп жатырғанын көреміз.

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б.

2. Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "18" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "18" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

3. Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қорытындылары  
Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «18» сәуір \_\_\_\_\_

Білім алушы: Туретай Гауһар

19.04.2023ж.

Р/с №	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес, жұмыстарды орындау(оқыту) мерзімдері		Өндірістік кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.	Мен КРР кабинетінде болдым. Қолымды 111 бұйрық бойынша жудым. Келген сәбилердің бой, салмағын, бас және кеуде айналымдарын өлшеп, дурналға жаздым	9:00	10:00	
2.	Мейірбике мен бірге аналарға сәбиді қалай омырау сүтін беруді үйреттік.	10:00	13:00	

### Тәулігіне және 1 рет ішетін сүт мөлшерін анықтау

10 күнге дейінгі баланың тәулігіне ішетін сүт мөлшерін Финкельштейн формуласы бойынша анықтайды.

$V=70 \times N$   $V$  - тәуліктік сүт мөлшері,  $N$  - күндік жасы

Мысалы: балаға 7 күн. Формула орнына қойсақ  $U=70 \times 7=490$  мл.

0-1 айға дейін баланы тәулігіне – 8 рет

1-2 айға дейін баланы тәулігіне – 7 рет

2-6 айға дейін баланы тәулігіне – 6 рет

6-12 айға дейін баланы тәулігіне – 5 рет тамақтандырады.

2 аптадан асқан балалардың тәулігіне ішетін сүт мөлшерін көлемдік әдіспен анықтаймыз.

2 апта \_\_\_\_\_ 2 ай арасы балалар салмағының 1/5 бөлігін

2 ай \_\_\_\_\_ 4 ай балалар салмағының 1/6 бөлігін  
 4 ай \_\_\_\_\_ 6 ай балалар салмағының 1/7 бөлігін  
 6 ай \_\_\_\_\_ 12 ай аралығындағы балалардың тәулігіне ішетін сүт мөлшерін салмағына байланысты есептемесе деболады, себебі 6-12 ай аралығындағы балалар тәулігіне 1000 мл артық ішпеу керек. тәулігіне 5 рет 4 сағат сайын тамақтанады 1000мл:5=200мл 1 рет ішетін сүт мөлшері 200 мл-ге тең.

Мысалы: Балаға 1 ай салмағы 3500 гр көлемдік әдіс бойынша өз салмағы 1/5 бөлігін ішу керек.

3500 гр: 5=700 мл (бұл тәулігіне ішетін сүт мөлшері)

1 рет ішетін сүт мөлшерін анықтау үшін тәулігіне ішетін сүт мөлшерін тамақтану жиілігіне бөлеміз. 1 айлық бала (аралас немесе қолдан тамақтанатын) 3,5 сағаттан 6 рет тамақтанады.

700 мл :6 =116 мл.

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы \_\_\_\_\_

Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "19" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "19" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

3. Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қорытындылары

Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «19» сәуір \_\_\_\_\_

Білім алушы: Туретай Гауһар


20.04.2023ж.

Р/с №	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес, жұмыстарды орындау(оқыту) мерзімдері		Өндірістік кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.	Мен Дені сау баланы қарау кабинетінде болдым, қолымды 111 бұйрық бойынша жуып, өңдедім. Келген сәбилердің бой, салмағын, бас және кеуде айғымдарын өлшедім. Имт есептеп шығардым.	9:00	10:00	
2.	Келген аналарға баланы қалай дұрыс тамақтандыру керек екендігін түсіндіріп, пісіріп көрсеттік.	10:00	13:00	

## СЫЛАУ ЖӘНЕ ГИМНАСТИКА

### 1АЙДАН 3 АЙҒА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕШЕН

Сабақтың жалпы ұзақтығы — 5—6 минут. Ең алдымен сипай отырып сылау, жаттығу кезіндегі тітіркенулерге жауап ретінде пайда болатын тек кейбір рефлекторлық қозғалыстарды пайдалану ұсынылады. Баланың қолы мен аяқтарын күшпен түзетуге болмайды: бұл жаста аяқ-қолдарының бұлшық еттерінің сіресіп қалуы (жоғары тонус) байқалады.




#### 1-ЖАТТЫҒУ. ҚОЛДЫ СЫЛАУ — СИПАЛАУ (4—6 РЕТ).

Бастапқы қалып (БҚ): баланы аяқтарын үстелдің алдыңғы шетіне жақындатып, арқасымен жатқызыңыз. Қолын ішкі жағынан алақан қозғалысымен саусақтан иыққа қарай бағытпен сипаңыз.

#### 2-ЖАТТЫҒУ. ІШТІ СЫЛАУ — СИПАЛАУ (6—8 РЕТ).

БҚ: сондай. Ішті, бауырдың айналасына соқпай, бір немесе екі қолдың алақанымен сағат тілі жүрісінің бағытымен айналдыра сипалау.




#### 3-ЖАТТЫҒУ. АЯҚТЫ СЫЛАУ — СИПАЛАУ (4—6 РЕТ).

БҚ: сондай. Баланың бір аяғын табанынан жеңіл ұстап тұрып, екінші алақанмен сирақ пен жамбасты табаннан шапқа қарай сыртқы және артқы жағынан сипалаңыз. Жамбастың ішкі жағы сыланбайды.

#### 4-ЖАТТЫҒУ. БАШПАЙЛАРДЫ ИІП-БҮГУ (3—4 РЕТ).

БҚ: сондай. Бір қолмен баланың аяғын жіліншіктен жоғары ұстап, сәл көтеріңіз, ал екінші қолдың сұқ саусағын теріге және башпайлардың түбіндегі табан бұлшық еттеріне сәл батырыңыз. Бұл саусақтардың рефлекторлық иілуіне мүмкіндік береді. Содан соң табаннан өкшеге дейін сырт жағынан сипалаңыз, бұл башпайлардың рефлекторлық бүгілуін — табан рефлексін туғызады. Мақсат — табан бұлшық еттерін қатайту.

Бала екі айға толғанда төмендегідей жаттығуларды қосыңыз.



#### 5-ЖАТТЫҒУ. ОМЫРТҚАНЫҢ РЕФЛЕКТОРЛЫҚ БҮГІЛУІ (АРҚА РЕФЛЕКСІ).

БҚ: Баланы аяқтарын үстелдің алдыңғы шетіне қаратып қырынан жатқызыңыз. Омыртқаны бүгу үшін құйрықтан иыққа қарай екі жағынан екі саусақпен сылау келек. Процедураны баланы оң және сол жақ қырына жатқызып жасаңыз (бір реттен). Мақсат — арқаның бұлшық еттерін қатайту.



#### 6-ЖАТТЫҒУ. АРҚАНЫ СЫЛАУ (4—6 РЕТ).


БҚ: сондай. Арқаны екі қолдың да сырт жағымен құйрықтан мойынға қарай және алақанмен кері қарай мойыннан құйрыққа дейін уқалаңыз.

#### 7-ЖАТТЫҒУ. ІШТІҢ ҚИҒАШ БҮЛШЫҚ ЕТТЕРІН СЫЛАУ (6—8 РЕТ).

БҚ: сондай. Бұл сылауды 2,5 айдан жасауға болады. Екі қолдың саусақтарының кимылдары соңында кіндік үстінде қосылатындай етіп, екі алақанмен іштің қиғаш бұлшық еттерін жеңіл уқалайды. Мақсат — құрсақтың бұлшық еттерін қатайту.



#### 8-ЖАТТЫҒУ. «ЖҮЗГІШ» — ІШПЕН ЖАТҚЫЗЫП, ОМЫРТҚА МЕН АЯҚТАРҒА САЛМАҚ ТҮСІРІП БҮГУ (1—2 РЕТ).



БҚ: сондай. Баланы үстелдің үстінен оң алақанға, оның созылған аяқтарын сол қолмен табанынан және екі сирақтың төменгі жағынан ұстап, көтеріңіз. Бұл кезде баланың басы шалқайып, арқасы бүгіледі. Мақсат — арқаның, желкенің және омыртқаның бұлшық еттерін қатайту.

#### 9-ЖАТТЫҒУ. БИЛЕТУ (4—6 РЕТ).

БҚ: баланың бетін өзіңізге қаратып, қолтығынан ұстап, үстелге қойыңыз. Үстелдің қатты бетіне тигендіктен, баланың жартылай бүгіліп тұрған аяғы тізеден және жамбас буынынан рефлекторлы түрде өздігінен тіктеледі. Мақсат — аяқтың бұлшық еттері мен тіректерін қатайту.





**10-ЖАТТЫҒУ. ҚОЛДЫ КЕЗЕКПЕН ИІП, БҮГУ. (6—8 РЕТ).**


БҚ: сондай. Балаға бас бармағыңызды ұстатыңыз. Оның қолдарын шынтақтан және иық буындарынан кезекпен бүгіп, жазыңыз. Бір қолын бүккеннен кейін, екіншісін бүгіңіз. Мақсат — қолдың және бүкіл иық белдеуінің бұлшық еттерін қатайту.

**11-ЖАТТЫҒУ. ЕКІ ҚОЛЫН ЕКІ ЖАҚҚА ЖІБЕРІП, ҚОЛДАРЫН ТҮЗУ ЕТІП ОТЫРҒЫЗУ. (2—3 РЕТ).**

БҚ: сондай. Баланы білегінен ұстап тұрып, қолын жазып ұстап, бұрыңыз және жайлап өзіңізге тартып, отыруына көмектесіңіз. Мақсат — қарынның көк етінің бұлшық еттерін қатайту және баланың отыру дағдысын дамыту.



**12-ЖАТТЫҒУ. ШЫНТАҒЫНАН ҰСТАП ТҮРЫП, АЯҒЫНА ТҮРҒЫЗУ (1—2 РЕТ).**



БҚ: баланы аяғын үстелдің алдыңғы шетіне қойып, ішімен жатқызыңыз. Балаға бас бармағыңызды ұстатыңыз, қолын шынтағынан бүгіп, аздап артқа қайырыңыз. Баланы шынтағынан ұстап тұрып, оның алдымен тізесін бүгіп тұруына, одан кейін аяғына тұруына көмектесіңіз. Мақсат — тірек сезімін дамыту, иық белдеуінің, аяқтары мен денесінің бұлшық еттерін қатайту.

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы \_\_\_\_\_

Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "20" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "20" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

3. Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қорытындылары

Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «20» сәуір \_\_\_\_\_

Білім алушы: Туретай Гауһар

21.04.2023ж.

Р/с №	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес, жұмыстарды орындау(оқыту) мерзімдері		Өндірістік кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.	Мен дені сау бала қарау кабинетінде болдым. Қолымды 111 бұйрық бойынша жуып өңдедім. Кабинетке күнделікті тазалық жұмысын жүргіздім.	9:00	10:00	
2.	Келген сәбилердің бой , салмағын, бач және кеуде айналымдарын өлшеп, журналға жаздым. Алған өлшемдерді есептеп имт шығардым. Аналарға баланы дұрыс тамақтандыру сабақтарын жүргіздік.	10:00	13.00	

## Қосымша тамақ

Қосымша тамақ, 6 айдан бастап, баланың рационына омыраумен қоректенуге қосымша енгізілетін тамақтандыру.

Қосымша тамақты енгізу 4 ережесі:

### 1. Уақытылы енгізу – 6 айдан бастап беру.

Егер ерте бастаса:

- ✓ ана сүтінің шығуының азыды
- ✓ инфекциялану қауіпі артады, инфекцияның тамақ және су арқылы түсуінен
- ✓ аллергиялық аурулардың арту қауіпі, ішектің жетілмеу себебінен
- ✓ рационның энергиялық жеткіліксіз болмауы қауіпі, әдетте қосымша тамақтарды сұйық ботқалардан немесе сорпалардын бастайды, ал бұлардың қоректік және энергиялық құндылығы омырау сүтімен салыстырғанда төмен болады

Егер кеш бастаса:

- ✓ Физикалық дамуының қалыс қалуы
- ✓ Ішек және респираторлық аурулармен ауру қауіпі (иммунитеттің төмендеуі себебінен)
- ✓ Анемия дамуының қауіпі

### 2. Қоректік құндылығы жағынан адекватты болу керек

- ✓ Қосымша тамақ қою болуы керек, салған қасық баяу бататындай.
- ✓ Сұйық сорпалар беруге кеңес берілмейді, себебі бала үшін қажетті энергиялық құндылығы жеткіліксіз
- ✓ Қою тамаққа 1 шай қасық өсімдік майы, үй қаймағы немесе сары май қосу қажет.
- ✓ Қосымша тамаққа берілетін тамағамдар көп түрлі болуы тиіс (ет, балық, әртүрлі жармалар, көк өніс, жеміс жидек, жұмыртқа, бұршақ тұқымдастар, жақсылап тазартылған, ұнталған жаңғақтар, сүт тамағдары).

### 3. Тамақты қабылдау жиілігі мен көлемі жөнінен жеткілікті болуы тиіс

- ✓ 6 айдан 12 айға дейін егер бала табиғи тамақтануда болса күніне **3 рет**, егер табиғи тамақтануда болмаса күніне **5 рет** тамақ беріледі. Бір жейтін тамақ көлемі 6–7 айлығында - 150 мл, 8–10 айлығында - 180 мл, 11–12 айлығында - 225 мл
- ✓ 12 айдан 2 жасқа дейін балаға күніне 5 рет, 3 негізгі тамақты қабылдау + 2 қосымша тамағдар тамақ беріледі (жемістер, май жаққан нан, қаймақ қосқан сүзбе, ет қосылған бәліш). Бір жейтін тамақ көлемі – **300 мл**
- ✓ 2 жасан жоғары балаға күніне 5 рет, 3 негізгі тамақты қабылдау + 2 қосымша тамағдар тамақ беріледі. Бір жейтін тамақ көлемі – **350мл**

### 4. Қауіпсіз болуы тиіс

- ✓ Таза қол, таза ыдыс, таза су мен тамақ, дұрыс сақтау

Баланы тамақтандырғанда

#### 1. Тәуліктің ыңғайлы уақытын таңдаңыз.

Баланың белсенді, қарыны ашқан кезде (омыраумен емізбестен бұрын), Күнде бір уақытта тамақтандыруға тырысыңыз

Анасының балаға көбірек уақыт бөле алатын кезінде

#### 2. Баланы баынша көп жеуге ынталандырыңыз. Мейірімділік пен қамқорлық танытыңыз.

#### 3. Белсенді тамақтандыру. Бала өзігінен тамақ жеп үйренгенде, оның бұл әрекетін құптаңыз, бірақ тек қасында отырмай, көбірек жеу үшін баланы мақтаңыз, белсенді ынталандыра түсіңіз. Тамақтану кезін ананың да, баланың да белсенді қатысуы керек.

#### 4. Баланың отбасылық дастарған басында тамақтануы оның дамуына себепші болады!

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы \_\_\_\_\_

Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "21" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "21" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

3. Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қорытындылары

Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «21» сәуір \_\_\_\_\_

Білім алушы: Туретай Гауһар

22.04.2023ж.

Р/с №	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес, жұмыстарды орындау(оқыту) мерзімдері		Өндірістік кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.	Мен воп кабинетінде болдым. Мейәрбикемен танысып, жұмыс барысын үйрендім.	9:00	10:00	
2.	Бұйрықтармен, құжаттарымен, журналдармен таныстым. Даму мед бағдарламасымен жұмыс жасап, келген науқастарды қарап, арнайы	10:00	11:00	

	мамандарға жолдама бердік.			
3	Келген пациенттерге профилактика жүргізіп, вакцина, прививка туралы түсінік жүргіздік.	11:00	13:00	

### **Инфекциялық ауруларды иммунды алдын алуын ұйымдастыру**

Халықты тиімді және қауіпсіз иммунизациялау Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Алдын ала егулерді ұйымдастыру және жүргізу» санитарлық – эпидемиологиялық ережелерді бекіту туралы Қаулысына сәйкес жүргізіледі. Егу жұмыстарына алғашқы дайындықтан және жыл сайынғы инструктаждан, сынақтан өткен, куәлігі бар жоғары білімді дәрігер – иммунолог және орта білімді медицина қызметкерлерге егу дәрмектерін сақтау тәртібі, оларды сұйылту әдісі, егу кезінде болуы мүмкін жағымсыз реакциялар мен асқынулар туралы түсініктеме беруге міндетті.

Вакцина егу бөлмесіне қойылатын талаптар. Вакцина арнайы егу бөлмесінде егіледі, ол бөлмеде басқа медициналық манипуляциялар жасауға болмайды. Егу бөлмесінде табиғи жарық, орталықтандырылған су, канализация, қол жуғыш және жылу жүйесі болуы қажет.

#### **Вакцина егу бойынша төмендегі құжаттар болуы қажет:**

- 1) №64/у үлгі – Алдын ала егулерді тіркеу журналы
- 2) №63/у үлгі – Алдын ала вакцина егу картасы
- 3) №112/у үлгі – балалардың даму картасы
- 4) Тұрғындарға санақ жүргізу журналы;
- 5) Вакциналардың жылжуын тіркеу журналы;
- 6) Алдын ала егулердің жылдық жоспары;
- 7) Вакцина егуге қарсы көрсеткіштері бар балаларды тіркеу журналы ;
- 8) №5 үлгі – «Алдын ала егулер мен вакцина қозғалысы туралы есеп беру»
- 9) №6 үлгі – «Алдын ала егумен қамту туралы есеп беру»
- 10) Келіп түскен вакциналарды тіркеу және вакцина беруді тіркеу журналы «№5 және №6»

Бактериалдық дәрмектерге қойылатын талаптар. Егуге арналған вакцина, анатоксин, иммундыглобулиндер ДДҰ талаптарына сәйкес тестіленген, Қазақстан Республикасында тіркелген болуы тиіс. Егу алдында вакцинаның қолдану нұсқаулығымен танысып, оның таңбаланғанын және бүтіндігін тексеру қажет.

#### **Қолдануға тыйым салынады:**

1. Тірі вакциналарға жоғары температура әсер еткенін флаконның бақылау индикаторы көрсетсе (ЖКВ, ЖПВ, ОПВ, БЦЖ)
2. АҚДС, АДС, АС, ВГВ вакциналары мұздаған болса;
3. Вакцинаның қолдану мерзімі өтіп кетсе;
4. Ампула, флакон бүтіндігі бұзылса;
5. Вакцина таңбаланған болмаса немесе анық көрінбесе;
6. Вакцина нұсқаулықта көрсетілген жазбаға сәйкес келмесе;
7. Бірреттік қолданатын шприц бүтін болмаса немесе қолдану мерзімі өтіп кетсе;
8. «Ашық флокондар» саясаты орныдалмаса.

Вакцина егу үшін тек бір рет қолданатын шприц, ине, скафикатор қолданады. Вакцина егілетін жерді 70% спиртпен өңдейді, Манту сынамасын жасар алдында теріні эфирмен өңдейді.



Бірнеше вакциналарды бір күні егуге болады, бірақ әр түрлі аймақтарға, басқа шприцтермен егу қажет. Тек БЦЖ вакцинасын басқа парентеральды егілетін вакциналармен бір күні қатар егуге болмайды. Егер вакциналар бір күні егілмесе, тірі вакциналарды егу үшін 4 апта аралық сақтау қажет.

Тірі және өлі вакциналар арасында аралық сақталмайды. Иммуноглобулин немесе қан препараттары егілгеннен кейін қызылшаға, паротитке вакциналар 3 айдан кейін егіледі.

«Ашық флакондар саясаты». Флаконның тығыншағын алмай шприцті тесіп, вакцинаны инеге тартып алғаннан кейін ол «ашық» болып саналады. Ашық флакондарды қолдануға болады, егер:

1. Дәрілердің қолдану мерзімі өтіп кетпесе
2. Сақталу температурасы бұзылмаса
3. Стерильді жағдай болса
4. Вакцинада көзге көрінетін өзгерістер болмаса

«Ашылған» АҚДС, АДС, АД-М, ОПВ, ВГВ, ВГА, вакциналарын аталған шарттар орындалса 3 күнге дейін қолдануға болады. Вакцинаның сыртындағы жапсырмасындағы (этикеткасында) ашылған уақыты, сағаты жазылуы қажет.

«Ашық флакондар саясаты» ампулада шығарылған вакциналарға қатысты емес. «Ашық флакондарды» бір бөлмеден екінші егу бөлмесіне тасымалдауға болмайды.

## **ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЕКПЕЛЕР ЖОСПАРЫН ҚҰРУ**

1. Балаларға профилактикалық екпелерді жоспарлауды бастапқы медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарының аумақтық медициналық қызметкерлері жүргізеді.
2. Медициналық қызметкермен жылына 2 рет (көктем, күз) балалар санағы жүргізіледі.
3. Санақ нәтижесі бойынша профильдік журналдағы балалардың тізімімен салыстырылып, медициналық құжаттары түгенделеді (112/е, 063/е нысандары) және профильдік журналға тіркеледі.
4. Ай сайын балалардың өсуі туралы ақпарат жиналып, санақ журналына туғандардың, өлгендердің, келгендердің, кеткендердің аты-жөні көрсетіліп жазылады.
5. Әр жылдың қыркүйек-қазан айында алдағы жылға ҚР профилактикалық екпе егу Ұттық күнтізбесіне сай екпелер жоспары жасақталып, медициналық ұйымның бірінші басшысымен бекітіледі.

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы \_\_\_\_\_

Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "22" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "22" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

3. Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қорытындылары

Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «22» сәуір \_\_\_\_\_

Білім алушы: Туретай Гауһар

24.04.2023ж.

Р/с №	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес, жұмыстарды орындау(оқыту) мерзімдері		Өндірістік кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.	Жетекшімізге тексерілеп болғаннан кейін мен ВОП кабинетіне бардым. Кабинетке тазалық жұмысын жүргізім, қолымды 111 бұйрық бойынша жуып,өңдедім.	9:00	10:00	
2.	Келген науқастарды даму мед арқылы қабылдап, рентгенге , анализге жолдама бердім.	10:00	11:00	
3	Қабылдауға келген Азаматұлы А. ге прививка салыну керек болған. Дәрігер қарап, жағдайын бағалап алуға рұқсатын берді. Ата-анасына прививканың алуының маңызы туралы түсіндіру жұмыстарын жасадық.	11:00	13:00	

### **Қызылша ошағында эпидемияға қарсы шаралар**

Қоздырғышы – парамиксовирус.

Инфекция көзі - ауру адам.

Берілу жолы - ауа-тамшылы.

Арнайы алдын-алу: ККП вакцинасы 1, 6 жаста жасалады.

Ошақтағы шаралар:

1. Науқас баланы оқшаулау, үйде немесе ауруханада.
2. Сан-эпид қадағалау басқармасына шұғыл хабарлама беру (058/е нысаны).
3. Ошақта желдету, ылғалды тазалау жүргізу.
4. Қатынаста болғандарға:
  - тізімін жасау, «Алдын-ала екпелер картасын» (063/е) сараптап, қызылшаға қарсы екпелерін толық алғандығын тексеру.
  - 21 күн медициналық бақылау жүргізу(клиниалық белгілерін, күніне 2 рет термометрия).
  - вакцина егілмегендерге қызылшаға қарсы вакцина егу.
  - егер вакцина егуге болмаса иммуноглобулин егу
  - Қызылшамен ауырғандар бақылауға алынбайды.

5. Бала-бақшада 21 күнге карантин жарияланады, қатынаста болғандар 21 күн ақылауға алынады. Бұрын қызылшамен ауырғандар және қызылшаға қарсы вакцина егілгендер медициналық бақылауға алынбайды, ұжымнан аластатылмайды.

### **Эпидемиялық паротит ошағындағы шаралар**

Қоздырғышы – парамиксовирус трбына жататын РНК вирус.

Инфекция көзі - ауру адам.

Берілу жолы - ауа-тамшылы.

Арнайы алдын-алу: ККП вакцинасы 1, 6 жаста жасалады

Ошақтағы шаралар:

1. Науқас баланы оқшаулау, үйде немесе ауруханада.
2. Сан-эпид қадағалау басқармасына шұғыл хабарлама беру (058/е нысаны).
3. Ошақта бөлмені желдету, ылғалды тазалау жүргізу.
4. Қатынаста болғандарға:
  - тізімін жасау, «Алдын-ала екпелер картасын» (063/е) сараптап, екпелерін толық алғандығын тексеру.
  - 21 күн медициналық бақылау жүргізу(клиниалық белгілерін, күніне 2 рет термометрия).
  - вакцина егілмегендерге және екпе алғаннан кейін 7 жыл асқандарға паротитке қарсы вакцина егу.
  - егер вакцина алмағандар 11 күнен 21 күнге дейін ұжымға қосылмайды.
  - Бұрын ауырғандарға және 10 жастан асқандар бақылауға алынбайды.
5. Бала-бақшада 21 күнге карантин жарияланады, қатынаста болғандар 21 күн ақылауға алынады. Бұрын ауырғандар медициналық бақылауға алынбайды, ұжымнан аластатылмайды.

### **Желшешек ошағында індетке қарсы шаралар**

Қоздырғышы- герпес тобына жататын Зостер вирусы.

Инфекция көзі- тек ауру адам

Берілу жолы-ауа тамшы

Арнайы алдын-алу: жел шешекке қарсы екпе бар, бірақ ҚР Профилактикалық екпе егу Ұлттық күн тізбесі бойынша жасалмайды.

Ошақтағы шаралар:

1. Науқас баланы оқшаулау.
  2. Сан-эпид қадағалау басқармасына шұғыл хабарлама беру (058/е нысаны)
  3. Қатынаста болғандарды медициналық бақылау :
    - Бұрын ауырмаған балалар 7 жасқа дейінгі 21 күн медицина бақылауға алынады, күніне 2 рет термометрия жекешелеу соңғы катынастан кейін 11 күннен 21 күнге дейін. 7 жастан үлкен балалар , жекешелендіруді қажет етпейді
    - Бұрын ауырған балалар бақылауға алынбайды
1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы \_\_\_\_\_

Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "24" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "24" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

3. Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қорытындылары

Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «24» сәуір \_\_\_\_\_

Білім алушы: Туретай Гауһар

25.04.2023ж.

Р/с №	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес, жұмыстарды орындау(оқыту) мерзімдері		Өндірістік кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.	Мен бүгін егу кабинетінде болдым. Кабинет ішін күнделікті тазалық жұмысынан бастадым. Мейірбикемен танысып, жұмыс барысын түсіндірді.	9:00	10:00	
2.	Келген балаларға жоспар бойынша алынуы керек екпелерді, манти , прививкаларын салдық. Келген сәбилерді қабылдап, жоспарлы екпелерін салдық. Жұмыс уақыты біткеннен кейін кабинетті дез ерітіндімен сүртіп, тазалық жұмысын жасадым.	10:00	11:00	

### **Вакцина егу жұмыстарын жүргізу**

Балаларды алдын ала егулермен толық қамту мақсатында тұратын мекен-жайы бойынша аумақтық балалар емханасының қызметкерлері жылына 2 рет (көктем-күз) санақ жүргізіп, барлық балаларды тіркеуге алады. Ай сайын балалардың саны қайта тексеріледі, жаңадан туылғандар, келгендер, кеткендер, қайтыс болғандар тіркеу журналына жазылады. Ересек адамдардың тізімі аумақтық емханада жылына 1 рет қайта тексеріледі (тамыз-қыркүйек).

Балаларды егуге алдын – ала шақырады. Вакцина егу алдында дәрігер баланың

денсаулығын толық тексереді, егуге қарсы көрсеткіштер жоқ болса баланың картасына вакцинаның атауын, егу мөлшерін, егу әдісін жазып, егуге рұқсат береді. Дәрігердің рұқсаты бойынша егу бөлмесінде вакцина егіледі, егу туралы мәліметтер тиісті құжаттарға тіркеледі. Егу құжаттарына вакцинаның егілген уақыты, вакцинаның сериясы, шығарылған мерзімі, қайдан шығарылғаны және мөлшері мен егу әдісі жазылады.

№63 үлгі «Алдын ала вакцина егу картасы» картотека бойынша сақталады. Вакцина егілуге жататын балаларды картотека бойынша ай сайын белгілеп отырады. Картотекада егу карталарын 4 топқа бөледі.

1. Осы жыл бойы вакцина егілетін балалардың карталарына айлар бойынша қояды.
2. Осы жылы егілмейтін балалардың карталары жылдар бойынша қойылады.
3. Уақытша кетіп қалған балалардың картасы.
4. Медициналық қарсы көрсеткіштері бар балалардың карталары.

Егуден кейін бала 30 минут емханада дәрігердің бақылауында болады.

Инактивацияланған вакцина егуден кейін 3 күн, тірі вакцина егуден кейін 5-6-ші және 10-11-ші күндері үйінде бақылауда болады. Егуден кейін болатын асқынулар туралы ата-анасына мәлімет береді.

Егер егуден кейін жағымсыз реакция пайда болса, шұғыл хабарлама СЭҚБ – ға беріледі, асқыну себебін анықтау үшін толық тексеру жүргізіледі.

Қолданбаған вакцина қалдықтарын жою тәртібі. Қолданбаған ампула және флакондағы вакцина қалдықтарын егу жасаған медицина қызметкері төмендегі әдістердің бірімен залалсыздайды:

1. 30 минут қайнату (сібір күйдіргісінде 2 сағат);
2. Дезинфекциялық ерітіндіге толық батыру.

Қолданған шприц пен инелерді қауіпсіз қатты қорапқа жинау, өртеу арқылы жою қажет, оларды бөлшектеуге, жууға, тазалауға болмайды.

### Қазақстан Республикасының профилактикалық екпе егу ұлттық күнтізбесі

«Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.2009ж. № 2295 Қаулысымен бекітілген.

Жасы бойынша	Екпе түрлері							
	БЦЖ	ВГВ	Полио	АбКДС	Хиб	Пневмо	ККП	АДС-М
1-4 күн	+	+						
2 ай		+(АбКДС+Хиб+ВГВ+ИПВ)				+		
3 ай			+(АбКДС+Хиб+ИПВ)					
4 ай		+(АбКДС+Хиб+ВГВ+ИПВ)				+		
12-15 месяцев			+(ОПВ)			+	+	
18 месяцев			+(АбКДС+Хиб+ИПВ)					
6 жас (1 сынып)	+			+			+	

16 жас									+
және әрбір 10 жылдан кейін									+

### Моновакциналар

АДС-М дифтерияға, сіреспеге қарсы

БЦЖ –туберкулезге қарсы

Пневмо –пневмококкалық жұқпаға қарсы

ВГВ – В вирусты гепатитке қарсы

Полио – полиомиелитке қарсы – ауызға құю арқылы, инактивті

### Аралас вакциналар:

ККП – қызылшаға, қызамаққа және эпидемиялық паротитке қарсы

АБҚДС + ВГВ + ХиБ + ИПВ – көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, В вирусты гепатитке, b типті гемофильдік инфекцияға қарсы инактивті поливакцина.

АБҚДС + ХиБ + ИПВ – көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, b типті гемофильдік инфекцияға қарсы

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б.

2. Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "25" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "25" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «25» сәуір \_\_\_\_\_

Білім алушы: Туретай Гауһар

26.04.2023ж.

Р/с №	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес, жұмыстарды орындау(оқыту) мерзімдері		Өндірістік кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.	Мен бүгін прививычной кабинетте болдым. Кабинеткен күнделікті тазалық жұмысын жүргізіп, диз.ерітіндімен сүртіп алдық. Екпе бөлмесіндегі жұмыс орнымызды дайындадық.	9:00	10:00	
2.	Келген балаларға манту сынамамын жасадым.	10:00	11:00	
3	Қолымды 111 бұйрық бойынша жуып, өңдедім. 6 жасар ер балаға манту сынамамын жасадым. Баланы отырғызып, қолын ынғайлы қалыпқа қойып, өңдедім. Апмуламды тексеріп	11:00	11:30	

	алдым. Туберкулин шприціне жинадым. Баланын қолын өңдеп тері ішіне салдым.			
4.	Келген Балалардың аты жөнін журналға тіркеп отырдым.	11:30	13:00	

### Манту сынамысын қою.

**Мақсаты:** диагностикалық, БЦЖ ревакцинасына іріктеу.

**Көрсетпе:**

1. Туберкулез ошағындағы науқаспен қатынаста болған балаларға;
2. Қатерлі топтағы балаларға;
3. 2 айдан асқан балаларға вакцина егу алдында;
4. 6-7 жастағы балаларға БЦЖ ревакцинасын қайта егу алдында;

**Ресурстар:**

- залалсыздандырылған мақта шариктері
- пинцет, резеңке қолғап, туберкулин
- ампуланы қоюға арналған мензурка
- туберкулин шприці
- медициналық қалдықтарға арналған «А», «Б» сынып контейнерлері
- 70% этил спирті, лоток.

### Іс-әрекет алгоритмі:

1. Анасына процедура барысын түсіндіріңіз, оның келісімін алыңыз.
2. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартыңыз. Қолғапты киіңіз.
3. Процедуралық столға қажетті құралдар мен дәрілік заттарды қойыңыз
4. Ампуланың атауын, сақтау мерзімін, бүтіндігін, мөлдірлігін тексеріңіз
5. Пинцетпен 2 мақта шаригін алып, спиртке батырыңыз.
6. Ампуланың мойнын спиртке малынған мақта шаригімен сүртіп, кескішпен кесіңіз
7. Ампуланың мойнын мақта шаригімен өзіңнен сыртқа қарай сындырыңыз
8. Ампуланың сынған басын қауіпсіз жою контейнеріне тастаңыз.
9. Асептика ережелерін сақтап отырып туберкулин шприцін ашыңыз
10. Туберкулин бар ампуланы алып, шприцке 0,1 мл (2 ТЕ) сорғызып алыңыз.
11. Шприцті стерильді орамасына қайта салып, лотокқа қойыңыз
12. Пинцетпен қолыңа 2 мақта шаригін алып, спиртке батырыңыз
13. Бірінші мақта шаригімен баланың білегінің ішкі бетінің терісін кең аумағын сүртіңіз, екіншісімен инъекция жасайтын орынын сүртіңіз (білектің ортаңғы 1\3 бөлігі).
14. Шприцті орамадан шығарып алыңыз
15. Сол қолыңмен білектің терісін астынан тартыңыз.
16. Шприцтің инесін қиығын үстіне қаратып, 10-15 градус бұрышпен тері ішіне енгізіңіз (лимон қабықшасы тәрізді папула пайда болуы керек).
17. Инені шығарыңыз. Инъекция жасаған жерді спиртпен сүртпеңіз.
18. Туберкулин шприцін қауіпсіз жою контейнеріне тастаңыз.
19. Резеңке қолғапты шешіп, қауіпсіз жою контейнеріне тастаңыз.
20. Анасына 72 сағаттан (3 күн) кейін келуін айтып, келесі кеңестерді түсіндіріңіз:
  - инъекция жасаған жерді сулауға болмайды
  - инъекция жасаған жерді қасуға болмайды
  - синтетикадан жасалған ұзын жеңді киім кимеу
  - 3 күнге дейін аллергияға респиратор аулақ болу

**Есте сақта!**

Манту сынамасының нәтижесі пластмассадан жасалған мөлдір сызғышпен өлшенеді.  
Нәтижесі баланың 112\у және 063\у формаларына жазылады

### **Манту сынамасы нәтижесі:**

Жұп жылдары- оң жақ білекке жасалады.

Тақ жылдары- солжақ білекке жасалады.

1. Манту сынамасының реакциясы:

1) теріс - инфильтраттың (папулдар) немесе гиперемияның толық жоқтығы және шаншу реакциясы бар болған кезінде (0-1 мм);

2) күдікті - инфильтратта көлемі 2-4 мм немесе тек инфильтратсыз кез келген көлемдегі гиперемия кезінде;

3) оң - 5 мм және одан да астам диаметрмен инфильтраты болған кезде –(нормергия);

4)Гиперергиялық-

**0-14 жастағы балаларда**- 15 мм және одан жоғары диаметрмен;

**15-17 жастағы балаларда** -17 мм және одан жоғары,

**Ересектерде** - 21 мм және одан жоғары диаметрмен инфильтрат,

Барлық бөртпе-некроздық реакция, лимфангоитпен немесе инфильтраттың көлемінен тәуелсіз.

Егер балада 2, 3, 4 реакциялар болса фтизиатрдің кеңесіне жіберіледі.

### **Қатерлі топтағы балалар:**

1. Әлеуметтік нашар жанұя балалары (ата-анасы маскүнем, нашақар)
2. Амбулаторлы, ауруханалық емделудегі балалар, егер 2 аптадан ұзақ жөтелсе, түнде тершеңдік, тәбетінің нашарлауы, салмағының азаюы байқалса;
3. Лимфа түйіндері ұлғайған балалар;

### **БЦЖ вакцинасын егу техникасы**

**Мақсаты:** туберкулездің алдын-алу.

**Ресурстар:** залалсыздандырылған мақта шариктер, пинцет, резеңке қолғап, БЦЖ вакцинасы ерткішімен, ампуланы қоюға арналған мензурка қара қағаздан жасалған конус, екі шприц, бір туберкулин және 2 гр арнайы вакцина шприці, шприц тастайтын контейнер, дез ертіндісі бар ыдыс, 70% этил спирті.

### **Іс-әрекет алгоритмі:**

1. Анасына жасалып жатқан процедураны түсіндіріңіз және келісімін алыңыз.
2. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартыңыз. Қолғапты киіңіз.
3. Вакцинасы мен еріткіші бар ампулаларды қорабынан алып, түсін, сақталу мерзімін, бүтіндігін тексеріңіз.
4. БЦЖ вакцинасы бар флаконның метал, резин қақпақтарын және еріткіші бар ампуланың мойнын спиртке малыныған мақта шаригімен өңдеңіз.
5. Мақта шаригімен ампуланың мойнын кескішпен кесіңіз, сыртқа қарай сындырыңыз.
6. Пайдаланған мақта шариктерін контейнерге тастаңыз.



7. Асептика ережелерін сақтап отырып, 2гр шприцті ашып, инесін канюласына бекітіңіз, иненін қалпағын алыңыз.
8. Ампулағы еріткішті 2,0 шприцке сорғызып алыңыз, ампуланы контейнерге тастаңыз.
9. Вакцинасы бар флаконды алып, 2,0 шприцтегі еріткішті флаконның қабырғасымен жайлап жіберіңіз, қайта сорғызып, қайта жіберу арқылы вакцинаны араластырыңыз.
10. 2гр шприцті қауіпсіз жою контейнеріне тастаңыз.
11. Асептика ережелерін сақтап отырып туберкулин шприцін ашыңыз.
12. Флакондағы вакцинаны туберкулиншприціне 0,2 мл сорғызып алыңыз.
13. Қалған вакцинаны бетін қара қағаздан жасалған ыдысқа салып, бетін жабыңыз.
14. Шприцтегі ауаны стерильді мақта шаригіне шығарып, шприцте 0,1 мл вакцина қалдыңыз, мақта шаригін контейнерге тастаңыз.
15. Шприцті стерильді лотокқа салыңыз.
17. Стерильді 2 мақта шаригін алып, спиртке малыңыз.
18. Сол қардың ортаңғы 1/3 бөлігін спиртке малынған мақта шаригімен бірінші кең аумақты, сосын инъекция орынының өңдеңіз.
19. Сол қолдың 1 және 2 саусағымен қардың астыңғы жағынан инъекция орынының терісін тартыңыз.
20. Шприцтің инесін қиығымен үстіне қаратып, тері ішіне 10-15°-та енгізіңіз, вакцина енгізілген орында 5-6 мм лимон қабығы тәрізді папула пайда болады. Ол 15-20 минуттан кейін кетіп қалады.
21. Инені шығарыңыз. Инфекция жасаған жерді спиртпен сұртуге болмайды.
22. Туберкулин шприцін қауіпсіз жою контейнеріне тастаңыз.
23. Қолғабыңды шешіңіз, қолыңызды жуыңыз.
24. Вакцинация туралы мәліметтерді профилактикалық екпелер журналына-064/е нысанына, баланың даму тарихы- 112/е нысанға, профилактикалық екпелер картасы - 063/е нысанға жазыңыз.

Нәтижесінде 1,3, 6, 12 айдан кейін дәрігермен мейірбике қарап ф №112 баланың даму тарихы және Ф №063 алдын-ала егу картасына, 064 жергілікті реакцияны папула тығыздалумен, пустула бөлініс бөлінуімен, қабықша түзу, тыртық, пигментация түзіледі деп қорытындысын жазу керек.

6 айда мөлшері 2 мм-ден жоғары тыртық пайда болуы керек. Егер 2 мм-ден аз болса нәтижесіз тыртық деп бағаланып, үстеме вакцинация жасалады. Үстеме вакцинация Манту сынағасы теріс нәтижелі болғанда жасалады.

#### **Егуден кейінгі асқынулар:**

1. Тері асты суық абцесс;
2. Жайылған тыртықтану;
3. Егуден кейінгі лимфадениттер;

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің

т.б. сипаттамасы \_\_\_\_\_

Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "26" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "26" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

3. Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қорытындылары

\_\_\_\_\_

Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «26» сәуір \_\_\_\_\_

Білім алушы: Туретай Гауһар

27.04.2023ж.

Р/с №	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Диплом алды практиканың бағдарламасына сәйкес, жұмыстарды орындау(оқыту) мерзімдері		Өндірістік кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.	Мен бүгін дені сау баланы қарау кабинетінде болдым.Қолымды 111 бұйрық бойынша жуып өңдедім. Кабинет ішіне күнделікті тазалық жұмысын жүргіздім.	9:00	10:00	
2.	Келген сәбилердің бой, салмақ, кеуде және	10:00	13:00	

	бас айналымын өлшедім. Алған нәтижелерді журналға жазып отырдым. Және анасына ИМТ есептеп шығарып бердім. Мейірбикемен бірге баланың дамуының дұрыстығын тексеріп қарадым.			
--	--	--	--	--



### Балалардағы жүрек өкпе реанимациясы (ЖӨР)

Жүрек өкпе реанимациясы қан айналым мен тыныс алуды спонтанды қалпына келтіруге бағытталған шаралар жиынтығы.

**Мақсаты:** тірілту

	Қадамдар	Алгоритм
	<b>Пациенттің жағдайын бағалау</b>	
1	Есін анықтау	Иығынана қағып, дауыстап шақыру
2	Көмекке шақыру	Жедел жәрдем бригадасын шақыру
3	Пульсін ұйқы артериясынан анықтау	Ұйқы артериясынан, саусақтармен басып қарау
4	Тыныс алуы бар жоқтығын анықтау	Көзбен кеуде клеткасының қозғалысын бақылау (көру, есту, сезу)
	<b>Жүрек өкпе реанимациясын жүргізу</b>	
5	Пациентті дайындау	Мойыны мен кеудесін киімдерінен босату
6	Қолдарын пациенттің кеудесіне дұрыс қою	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жаңа туған бала болса, екі қолыңыздың бас бармақтарын төстің 1/3 ортаңғы бөлігіне, басқа саусақтарыңызды жауырын астында орналастырыңыз;</li> <li>- 1 жасқа дейінгі бала болса 2-3 сауқарыңызды төстің 1/3 ортаңғы бөлігіне орналастырыңыз;</li> <li>- 1 жастан 7 жасқа дейінгі бала болса, бір қолдың алақаның проксимальды бөлігін төстің төменгі бөлігіне орналастырыңыз;</li> <li>- 7 жастан жоғары алақаның проксимальды бөлігін төстің төменгі бөлігіне, екінші алақыныңызды үстіне орналастырыңыз;</li> </ul>
7	<b>С.</b> Кеуде клеткасының комперессиясын жасау	<p>Қолды шынтақ буынында бүкпей, күшті вертикалды бағытау, комперессия тереңдігі;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 1 жасқа дейінгі бала 1,5-2,0 см;</li> <li>- 1 жастан 7 жасқа дейінгі 3-3,5 см;</li> <li>- 8 жастан бастап-4-5 см;</li> </ul> <p>Комперессия жиелігі 15 (30) рет мин, әрбір комперессиядан соң кеуде клеткасы толық жазылуы керек.</p>
8	Ауыз қуысын қарау	Ауыз қуысын тазалау, резин грушамен немесе дәке салфетканы саусаққа орап тазалау;
<b>А.</b>	<b>Сафардың үштік әдісі</b>	
9	Басын шалқайту	Бір қолыңызды баланың маңдайына қойып, басын артқа шалқайтыңыз;
10	Төменгі жағын алға шығару	Бір мезгілде келесі қолыңызбен иегін көтеріп, төменгі жақты алға шығарыңыз;
11	Баланың ауызын ашу	

В.	Өкпе вентиляциясы	
12	Мұрынын ( ауызын) жабу	Саусақтарыңызбен пациенттің мұрынын жабыңыз;
13	Тыныс жолдарына ауа жіберу	Ауызына ауызыңызды қойып, кеуде клеткасы көтерілетіндей етіп, тыныс жолына ауаны жіберіңіз;
14	Компрессия мен жасанды тыныс алдырудың қатынасы 15:2, 30:2	
15	ЖӨР 1 кезеңі	ЖӨР 1 кезеңі – 5 цикл ЖӨР – 2 мин
16	ЖӨР эффективтілігін бағалау	Ұйқы артериясындағы пульсті анықтау (5-10 сек)



nmedicine.ru

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механикаландыру мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы \_\_\_\_\_

Білім алушының қолы \_\_\_\_\_

2023ж. "27" сәуір \_\_\_\_\_

(өндірістік практиканың тікелей жетекшісі) Анель Даниярқызы

2023ж. "27" сәуір \_\_\_\_\_

2. Білім алушы мадақтамалары мен жазалары

3. Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қорытындылары

Кәсіпорыннан (ұйымнан) өндірістік практика жетекшісінің қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Құспанова Т.Х

2023ж. «27» сәуір \_\_\_\_\_

